

БЕКІТЕМІН

ЖІНС «Nursultan 77» балабақшасының

менгерушісі: *А.Т. Табышева*

«26» «07» 2024 жыл



«Нұрсұлтан 77» балабақшасы

2024-2025 оқу жылының

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

Мазмұны

«Нұрсұлтан» балабақша туралы мәлімет

- 2023-2024 оқу жылының қорытындысы
- Педагогикалық ұжымының жұмыс нәтижесі
- Педагогтардың педагогикалық өсім көрсеткіші
- Балалардың денсаулық тобына сараптама
- Балалардың қатысымы, сырқаттануы.
- Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды
- Ағымдағы жыл міндеттері

I бөлім. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

- Дене шынықтыру бойынша өткізілетін сауықтыру – шынықтыру шаралары
- Төтенше жағдайлар бойынша шаралар өткізу
- Жол көлік жарақатынан сақтандыру
- Балалармен жалпы өткізілетін іс-шаралар жоспары
- «Бала құқығы- адам құқығы» іс-шаралар жұмыс жоспары

II бөлім Кадрлармен жұмыс

- Құқықтық сауаттарын көтеру
- Кәсіби іскерлігін көтеру, Өз білімін жетілдіру жұмысы
- Педагогтардың аттестациядан өткізу кестесі
- Іскерлік мамандықтарын көтеру кестесі (курс)
- Педагог кадрлармен өткізілетін жұмыс түрлері: Кеңестер
- Әдістемелік бөлме жұмысының мазмұны және ұйымдастыру
- «Жас маман» мектебінің жоспары

III бөлім Білім беру процесін ұйымдастыру

- Білім беру процесінің ашық көрсетілімі
- Әдістемелік кеңестер
- Педагогикалық кеңестер

IV Әлеуметпен жұмыс

- Ата-аналармен жұмыс жоспары: жиналысы, конференциялар, бірлескен іс-шаралар (ата-аналардың қатысуымен)
- Мектеппен және т.б. мекемелерімен сабақтастық жұмыс жоспары
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- шараларының жоспары
- Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс- қимыл жөніндегі іс – шаралар жоспары

V Бақылау және басшылық

- Жүйелі бақылаудың мәселелері
- Өндірістік жиналыс
- Мемлекеттік қызметтер сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар
- Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары
- Меңгеруші жанындағы кеңестердің жоспары

VI «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шаралар жоспары

- ҚР «Тілдер туралы» Заңы бойынша жұмыс жоспары
- «Қазақстан -2050» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспары
- ҚР Мемлекеттік рәміздер жөнінде жұмыс жоспары

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Мекеменің атауы: ЖШС «Nursultan», «Nursultan 77» балабақшасы

Инстаграмм: Balabaksha_city

Құрылды: 2021ж

Жоба қуаты: 75 орын

Ғимарат: 2 қабат

Топтар саны: 4 топ

Топтардағы бала саны: 75 бала

Білім беретін тілі: қазақша

Мекен жайы: Ақтөбе қаласы, ж.м.Қарғалы, 3мкр, 10/5 үй

Эл.почта: nursultan77@mail.kz

Балабақша басшылығы:

Менгеруші: Табышева Лаззат Таукеновна, Педагогикалық еңбек өтілі 17 жыл.

Оқыту – тәрбиелеу процесін 7 педагог жүргізеді.

Олардың ішінде: Тәрбиеші- 5

Музыка жетекшісі-1

Менгеруші-1

Білімі: Жоғары-1, Арнаулы орта-6

Біліктілігі: Санаты жоқ-6, Педагог-сарапшы-1

Материалдық-техникалық базасы.

Жоба қуаттылығы - 75 орын. «Nursultan» балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Басымдықтардың бірі - балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: мамандандырылған күзеті бар аумағы заманауи абаттандырылған, бейнедомофон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (8 бейнекамера), күзет-өрт дабылы жүйесі, қауіпсіз пәндік-кенестік даму ортасы.

Жетістіктері: Соңғы 3 жылда МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталды.

2. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы:

2024-2025 оқу жылында барлығы 7 педагог жұмыс атқарады:

Жоғары білімді-1 педагог (14%), арнаулы орта 6 (86%). Оның ішінде:

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша-6(86%)

Мектепке дейінгі жоғары білім-0(0%)

Мектепке дейінгі арнаулы орта білім-6(86%)

Білімі бойынша педагогтар

Оқу жылы	Барлық педагог	Жоғары білімді	Мектепке дейінгі жоғ.	Арнаулы орта білім	Мект дейінгі арнаулы орта білім	Пед.білімі жоқ
2024-2025	7	1- 14%	-	6-86%	6-86%	-

Біліктілік санаты бойынша педагогтар

Оқу жылы	Педагог саны	Басшы-қосбасшы	Жоғары	1-ші	2-ші	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог зерттеуші	Педагог
2024-2025	7	-	-	-	-	-	1-14%	-	-

Біліктілік санаттарының көрсеткіші

2024-2025 оқу жылы: 7 педагогтан санаты бар 1 педагог (14%)

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтар

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	«Педагогикалық шеберлік» орталығы	Басқа курстар
2024-2025	7	1	-	1

Біліктілікті арттыру курстарының көрсеткіші

2024-2025 жылы: 7 педагогтан 1 педагог (14%)

3. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұны бойынша тәрбиеленушілер контингенті:

«Nursultan 77» балабақшасы сыйымдылығы 75 орын 4 топ. Қазіргі таңда 75 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады.

№	Жас аралығы	Топтар саны/балалар саны
1	Орта жас (3 жастан бастап)	1 топ/19 бала
2	Ересек жас (4 жастан бастап)	2 топ/31 бала
3	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	1 топ/25 бала
	Барлық топтар саны/ балалардың саны	4 топ/75 бала

«Балапан» ортаңғы қазақ тобы 3-4 жас – 19 бала

«Ертегі» ересек қазақ тобы 4-5 жас – 14 бала

«Құлыншақ» ересек қазақ тобы 4-5 жас – 17 бала

«Күншұақ» мектепалды қазақ тобы 5-6 жас – 25 бала

Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау:

2023-2024 оқу жылдарында «Nursultan 77» балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҰОЖ) сәйкестігі:

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылы ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары; «ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына (2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы). Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Тәрбие-білім беру процесінде «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды.

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекетінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Nursultan 77» балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Балабақша сыйымдылығы 75 орын 4 топ. Қазіргі таңда 75 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамактандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті ДАРА БАЛА сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі.

«Nursultan 77» балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін: ҚР «Білім туралы» Заңына; Жарғысына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Оқу жұмыс жоспарларына; Ішкі тәртіп ережелеріне; ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық, қалалық семинар, шебер сыныптарына қатысып, іс-тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарына жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайларында педагогикалық процесті ұйымдастыру:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны: перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін мониторингтер жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған жан-жақты зерделеуге арналған **апталық жоспар (циклограмма)** жасалған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында циклограммаларда Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындалу мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдары қарастырылған. Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша материалдар топтамасын қолдануда және балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетті жүзеге асырудағы әр оқу жылының бірінші педагогикалық отырысында бекітілген.

2024-2025 оқу жылы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: ойын арқылы оқыту; түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

«Nursultan 77» балабақшасының мектеппен сабақтастық кестесі құрылып, балабақша меңгерушісі мен мектеп директорының қолы қойылып, мөрленген. Балабақша педагогтары жоспарға сай мектеп кітапханасына, спорт залына, жалпы мектеппен танысуға тәрбиеленушілерді саяхатқа апару, сонымен қатар бастауыш буын педагогтарымен түрлі кездесу семинарларын өткізіп, үнемі тығыз байланыста болады. Балабақша педагогтары қалалық, аймақтық семинар практикумдар өткізіп, іс-тәжірибелерімен бөлісу жақсы жолға қойылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттері орындауды талап етеді. Үлгілік бағдарлама Стандарт талаптарына сәйкес: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша, жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу мақсатында жүргізілген іс-шаралар жүйесі бар.

Балабақшада ата-аналармен қарым-қатынас жақсы қалыптасқан. Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата-аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Балабақша жас натуралистер станциясымен, Ә.Молдағұлова мұражайымен, мектептермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Барлық кездесулер қызықты саяхаттар, квест-ойындар түрінде өтеді, бұл балалардың мектепке психологиялық дайындығының қажетті деңгейін қалыптастырады. Топтарда бұрыштар сюжеттік рөлдік ойындардың құрал жабдықтары, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр түрлі құрастырмалы ойыншықтар, театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көленкелі театрларының атрибуттары жинақталған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары және материалдары бар. Әр жыл сайын жоспарға сәйкес Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар балалардың тұлға болып қалыптасуына бағытталады. Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сәйкес өткізіледі. Түрлі мерекелік іс-шаралар, эстафеталық жарыстар, дөңгелек үстелдер мен психологиялық тренингтер, кеңестер ұйымдастырылып, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Балабақшаның оқу жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, ағымдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдыларына-физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру дағдылары ескере отырып құрылған. Жылдық жоспар, жас ерекшеліктеріне байланысты күн тәртібі балабақша меңгерушісімен бекітілген. Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізіліп, хаттамалары жазылған.

2024-2025 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтардада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға тәулік бойы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

3) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы:

«Nursultan 77» балабақшасының 2024-2025 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары», «Бөбек жасы және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлар, «Бөбек жасы және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалар және «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру» әдістемелік нұсқау хаты негізінде құрастырылды.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту келесі бағыттар бойынша іске асырылады: физикалық даму; коммуникативтік дағдыларды дамыту; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларды, зерттеу қызметін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

"Дене шынықтыру" ұйымдастырылған қызметін балабақшаның бекітілген кестесіне сәйкес тәрбиеші аптасына 3 рет өткізеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн ішінде балалардың дене белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қозғалыс белсенділігі, дене шынықтыру – сауықтыру іс-шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеттері, өзіндік белсенді және басқа да іс-шаралар арқылы күн режиміне сәйкес ұйымдастырылады.

"Сөйлеуді дамыту", "Көркем әдебиет" және "Қазақ тілі" (кестеге сәйкес орта және жоғары топтарда 1 рет, мектепалды топта аптасына 2 рет) ұйымдастырылған іс-шаралар күн тәртібіне сәйкес күн сайын балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлері: қарым-қатынас, пәндік, ойын, еңбек, көркем, театрландырылған және басқа да түрлері арқылы ұйымдастырылады. Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-шаралар кезінде ғана емес, сонымен қатар режим сәттері, еркін ойын кезінде, оларға әртүрлі сұрақтар қою арқылы дамыту ұсынылады. Орта топтан бастап мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында балаларды күн сайын сөздік минимумға, белгілі бір үлгілік оқу бағдарламасына үйрету, тәрбиеленушілердің ауызекі тілдесуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін меңгеру ұсынылады.

Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту оқушылардың қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу үшін қажетті танымдық және зерттеу іс-әрекетінің қарапайым дағдыларын игеруін қамтиды: сенсориканы дамыту үшін заттар мен ойыншықтарды тәуелсіз зерттеуге, түс, пішін, көлем, кеңістіктегі орнын ажырата және салыстыра білуге көп көңіл бөлінеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған Математика негіздерін дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу, театрландырылған және тәуелсіз іс-шаралар, құрылымдау, эксперимент, математикалық мазмұндағы әңгімелер және т. б. арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Қоршаған әлеммен танысу күн тәртібіне сәйкес объектілерді бақылау (тірі және тірі емес), заттарды зерттеу, материалдармен тәжірибе жасау, оқу (педагогтің тиісті ақпаратты оқуы, кітаптарды, иллюстрацияларды қарауы), әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы күн сайын ойын түрінде жүзеге асырылады.

Сурет салу, модельдеу, аппликация, дизайн күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетте ғана емес, сонымен қатар балалардың мүдделері мен тілектерін ескере отырып, басқа уақытта ұйымдастырылады.

"Музыка" ұйымдастырылған қызметі балабақша кестесіне сәйкес аптасына 1 рет кіші, орта топтарда, аптасына екі рет жоғары, мектепалды топтарда өткізіледі. Оқушылардың білім беру қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу жоспарына бейімделген білім беру бағдарламалары енгізілген.

5. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

Барлық топтар заманауи балаларға арналған көп функционалдық жиһаздары және ойыншықтармен жабдықталған. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыруға медициналық және егілу кабинетінде жүзеге асырылады. Балабақшада балалардың теңдестірілген 5-рет тамақтануы ұйымдастырылған.

Топтағы пәндік-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдыкталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әртүрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған

куыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас ерекшеліктері сәйкес білім дағдылары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілді.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша:

Топтарда балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін құралдар, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған массажды төсеніштер, түрлі пішінмен ойын материалдары бар. Спорттық құрал жабдықтар, секіргіш резина аттар, скакалка, обруч, құм салған қалташалар, кегилер т.б. бар. Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары жасалған талапқа сай.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Сөйлеу мәдениеті, дыбыстық мәдениет, дыбыстарды дұрыс айта білуге, ажырата білуге жаттықтыру. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөзге қызығушылығымен зейінін тұрақтандыру. Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру, диалогты сөйлеуді қалыптастыру және шығармашылық тілдік қабілетке баули отырып, әдеби шығармаларды тыңдап, әңгімелеу және әңгімені қабылдай білуге үйретуге бағытталып жасакталған көрнекілік құралдары жеткілікті.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (домино, құрастырулар, пазылдар түрлері, геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар, саусақ моторикасын дамытатын ойын түрлері, сенсорлы үйшіктер т.б.) және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесе зерттеуге арналған табиғат бұрыштары, тірі табиғат бұрышы-аквариум балықтары бар.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен, сахналық қойылымға арналған үйшіктермен, театр сахналау, көлеңкелі театр, сахналық ертегі қойылымына арналған алжапқыштар т.б. әр түрлі макеттермен жабдықталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ұлттық ойындар жинақтары жинақталған.

Балабақша «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрығы негізінде уақытылы жұмыстар жүргізіледі.

6. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

Балабақшада әдістемелік бөлмесі заман талабына сай әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс-тәжірибесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Балабақшада әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі мекеменің аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен

шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жанашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар. Балабақша арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай.

Балабақшаның топтары ойын материалдары мен құрал-жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер саны жеткілікті.

7. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау мониторингі Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда педагог жұмысының сапасын жетілдіруге ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі баланың даму мониторингі оның әртүрлі кезеңдегі даму динамикасын тіркеуге, жеке дамуына сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және онымен әрі қарай жұмысты түзетуге ықпал етеді.

Талаптарға сәйкес мониторинг:

- баланың жетістігін шынайы қадағалауға;
- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге;
- педагогтардың түзету шараларын шұғыл жоспарлау негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесін жетілдіруге;
- баланың әрбір біліктері мен дағдылары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтас меңгеру деңгейін анықтауға ықпал етеді.

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде балалардың жеке даму картасы толтырылды. Балалардың жеке даму картасы бөбекжай-балабақшада барлық уақытта жүргізіліп отырады. «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер балалармен жеке түзету жұмыстарын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұны айқындалды. Әр оқу жылдарында баланы қолдау, оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендіру жұмыстары орын алып отырды. Өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке даму карталары жас ерекшеліктеріне сай жабдықталған. Мониторинг нәтижелері пайыздық көрсеткішпен көрсетілген, баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасы, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар деңгейінде (I, II, III-деңгей) көрсетіліп, ұсынылды.

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымылық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
кіші топ															1	14
ортаңы топ	15		5	10		3	12		1	14		2	13		4	19
ересек топ	23		4	19		3	20		3	20		4	19		5	32
мектепалды топ	37		7	30		5	32		4	33		6	31			
Барлығы	75		16	59		11	64		8	67		12	63		10	65
	100		21	79		15	85		11	89		16	84		13	87

8. «Nursultan 77» балабақшасының Қамқоршылық кеңесінің жұмысы:

ҚК отырыстары әр түрлі тақырыпта ата-аналар комитеттерімен бірге өткізіледі. Жиналыстарда келесі сұрақтар қаралып, шешіледі: мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы басшының есебі, ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру процесінің жай-күйіне, жағдайларына және нәтижелеріне қанағаттанушылық дәрежесін мониторингтеу нәтижелері, «Білім беру қызметтерінің сапасы, мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-гигиеналық жағдайлары, тамақтану сапасы, материалдық-техникалық базаның жағдайын жақсарту және жаңарту туралы.

9. Ұсыныстар:

1. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткішінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
3. Барлық топтарда пәндік-дамытушы орталары толықтырылсын.

**Балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналған
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

келесі негізгі нормативтік құқықтық актілер бойынша құрастырылған:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту Моделі»
7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
8. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
